

ARTS

THE IMPACT OF COMPLEX DRAMATIC WORKS ON THE DEVELOPMENT OF PUPPET THEATER

Akzhol Sabit

*1st-year Master's student in "Art Studies" at the Kazakh National Academy of Choreography
(Astana, Kazakhstan)*

КҮРДЕЛІ ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ДАМУЫНА БЫҚПАЛЫ

Сабит Акжол

Қазақ Ұлттық Хореография Академиясының «Өнертану» мамандығы бойынша 1 курс магистратура
студенті (Астана қаласы, Қазақстан)
<https://doi.org/10.5281/zenodo.14577650>

Abstract

The article explores the influence of complex dramaturgy on the development of puppet theater art. Puppet theater is positioned not only as a form of children's entertainment but also as a sophisticated art form with significant philosophical and cultural value. Using the experience of the Almaty State Puppet Theater as a case study, the paper analyzes the staging of complex dramatic works and their impact on advancing acting skills, directorial innovations, and technical capabilities. Additionally, it highlights how complex dramaturgy broadens the genre and technical scope of puppet theater and contributes to the cultural education of audiences.

Аннотация

Мақалада күрделі драматургиялық туындылардың қуыршақ театры өнерінің дамуына әсері қарастырылады. Қуыршақ театры балалар үшін ойын-сауық қана емес, философиялық және мәдени маңызы бар жоғары өнер түрі ретінде ұсынылады. Алматы қаласындағы Мемлекеттік қуыршақ театрының тәжірибесіне сүйене отырып, күрделі драматургиялық қойылымдарды сахналаудың ерекшеліктері, олардың актерлік шеберлік, режиссерлік шешімдер және техникалық мүмкіндіктердің дамуына әсері талданады. Сондай-ақ, күрделі драматургияның қуыршақ театрының жанрлық және техникалық шекараларын кеңейтудегі рөлі және көрермендер мәдениетінің дамуына қосар үлесі талқыланады.

Keywords: Complex dramaturgy, puppet theater, acting skills, directorial innovations, technical capabilities, culture, philosophy, performing arts.

Кілт сөздер: Күрделі драматургия, қуыршақ театры, актерлік шеберлік, режиссерлік шешімдер, техникалық мүмкіндіктер, мәдениет, философия, сахналық өнер.

Кез-келген дүниенің бастауы бар. Адамзат баласы, топтасып, тайпалық ғұмыр кешкелі, қазіргі күнге дейін тоқтаусыз даму барысында келе жатқаны аян. Адамның сенім-нанымы, салт-жоралғысы уақыт өте келе бар мамандық атаулының пайда болуына түрткі болды. Театр өнері де бұл тұста шеткері қалмағаны мәлім. Бастапқыда үңгірде ошақ басында көлеңкемен бейнелерді жасау арқылы, өздерінің көңілін аулаған адамдар думаны, бүгінгі “көлеңке театрының” пайда болуының негізі болды. Тотемшілдік сенімі адам баласына жан-жануар, өсімдік, табиғат келбетін мүсінше қылып жасау арқылы, қуыршақ өнеріне негіз болып, оны адам жанының қазіргі күнге дейінгі серігі етті.

Қуыршақ театрының нақты қашан, қайда пайда болғаны анықталмаған құпия. Дейтұрғанмен археологиялық зерттеуге сүйенсек ежелгі Мысыр жеріндегі қазбалардан «арқанмен басқарылатын мүсіншелер» табылғаны мәлім. Құдайларды дәріптеуші, аңыздарды баяндаушы ретінде бастау алған қуыршақ театры уақыт өте келе жетіліп

алаңдар мен жәрменкеде ғана қойылмай, гострольдік сапармен де жүре бастады. Тек құдайлар емес біртіндеп батырлар, патшалар мен көсемдер, сайқымазақтар сынды кейіпкерлер қосылып, қарапайым халыққа етене жақын өнерге айналды. Бүгінгі күнде Қазақ елінде Қуыршақ театры өнерінің кенжелеп тұрғаны сияқты, әлемдік сахнада да қуыршақ өнері бір кезеңдерде тиісті биіктігінде бағаланбады. Халықтың қызығушылығына ие, көптің көңілінен шығатын өнер болсада: - “жәрменкелік, ойын-күлкі, жеңіл-желпі өнер түрі” - деген стереотиптің болғанын тарихтан айқын көруге болады. Алайда бүгінгі таңда адамзат баласына қажет өнер екені, мәдениет, дәстүр, тарихты дәріптеуде теңдесіз театр екені даусыз. Ешқандай ұлттың нақты төл өнеріне жатпайтын, жалпы адамзаттың ортақ жетістігі деп толық сеніммен айтуға болады. Себебі бүгінде әр мемлекет өзінің кішкентай үлесін қосқан үлкен өнер түріне айналғаны ақиқат.

Қазақ қуыршақ өнерінде түбі басқа мемлекеттердегідей бағзы заманнан бастау алады.

Қазақтың тотемшілдік, түрлі мүсінше, кескін-келбетпен рәсім-жоралғы өткізетін бақсылықтан бөлек, көк түркілер заманынан жалғасып келе жатқан төл қойылымы болғаны археологтармен зерттелген дүние. Археологиялық, этностық зерттеулер ежелгі түркі заманынан тау ешкісі ортеке бейнесіндегі қуыршақтардың болғанын мәлімдейді. Бұл тек әртістік ғана емес, музыкалық біліктілікті көрсететін, күрделі механизмге құрылған толыққанды көрсетілім.

Көне өнердің құрметіне, Қазақстанның түпкір-түпкірінде, жылда “Ортеке” фестиваль сайысы өтеді. Және төл өнеріміз 2022 жылы Марокконың Рабат қаласында өткен ЮНЕСКО-ның 17-ші сессиясында дүниежүзілік материалды емес мәдени мұралар санатына енгізілді. [1]

Еліміздегі тұңғыш кәсіби, әрі аяғына нық тұрған қуыршақ театры - 1935 жылы құрылған Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры болып табылады. Театрдың қоржыны “Алдар көсе”, “Өтеген батыр” спектакльдерінен бастау алды. Спектакльдерге қазақ драма театрының актерлері Қапан Бадырмен Сейфулла Телғара режиссерлік етті. Латиф Хамиди, Борис Ерзакович алғашқы қойылымдарға музыка жазып, көркемдеді.

Қуыршақ театры адамзат өміріне керекті мәдени ортаның бірі және маңызды бөлігі деп айтуға негіз бар! Баланы жастайынан тәрбиелеп, ой-қиялын дамытып, көңіл көкжиегін кеңейтіп, жүрегіне адалдық, кеудесіне өрлік пен өжеттілік, рухына беріктік, болмысына, сана-сезіміне тазалық қасиеттерін сіңіру үшін Қуыршақ өнері керек екені айқын! Адам өскенде мәдениетті, салмақты, саналы болуы үшін, болашақта үлкен театрларға, өнер ордаларына барып тұруы үшін, кішкентайынан жүрегін өнерге сусындататын мекен ол әрине - Қуыршақ театры.

Қазіргі таңда, маңыздылығы мен мәні жоғары өнердің еленбей, ескерусіз қалып жатқаны жүрекке қаяу, көңілге өкініш салады. Ең құнды өнердің біріне әлі күнге дейін елімізде тиісті деңгейде көңіл бөлмейтіні, назар аудармайтыны жабырқатады. Әлі күнге дейін халық ішінде де бұл өнерді жеңіл, балаға арналған өнер деп қабылдайтын, бағаламайтын жандар жетерлік. Бұл нені білдіреді? Бұл дегеніміз Қазақ халқы әлі театр өнеріне деген көзқарасын толыққанды қалыптастыра алмай келе жатыр. Театр десе қарапайым халыққа бірден сатиралық, әзіл-оспақ театрлары келетіні жалған емес. Яғни, жалпы театр өнері әлі күнге халық жүрегінен ойып тұрып, тиісті орынын таппаған.

Елімізде қуыршақ театры осы уақытқа дейін негізінен, жеңіл әрі балаларға арналған туындылармен байланысты болып келгені рас, әліде солай. Алайда, неге бұл өнер тек жас көрерменнің еншісіне байланып, өсім-дамусыз бейжай қала бермек? Шын мәнінде қуыршақ театры кез-келген жанрдағы шығарманы игеруге қарым-қабылеті жететіні айдан анық. Сондықтан күрделі драматургиялық шығармаларды сахналау арқылы қуыршақ театрының әлеуетін арттыуға ықпал жасау қажет. Себебі күрделі шығармаларды қою жанрлық және техникалық мүмкіндіктерді

кеңейтіп, оның философиялық тереңдігін ашуға, әртістердің шеберлігінің шындалып, жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етеді. Классикалық және заманауи күрделі драматургияны сахналау театрды балалар аудиториясынан алшақтатып, ересектер аудиториясына бағыттау емес. Керісінше қуыршақ театрын тек ойын-сауық құралы ғана емес, маңызды философиялық сұрақтарды қозғайтын, жас ерекшелігіне де, жанр түріне де шектелмейтін, биік өнер түрі ретінде қарастыру, толағай өнердің өзіне тиесілі шыңына шығаруды көздеу. Себебі Қуыршақтардың шартты табиғаты күрделі тақырыптарды жеткізуге мүмкіндік беретіні ақиқат. Мысалы, кино әлеміндегі болсын, анимация өнеріндегі болсын, қоршаған ортамыздағы шынайы тіршілікті болсын айнытпай, қаз-қалпында, боямасыз көрерменге ұсынып, ерекше әсер қалдыра алатын қуыршақ кейіпкер деп айту жаңсақ пікір емес. Бұл көрерменге де оқиғаны тереңірек түсінуге және әртүрлі интерпретация жасауға жағдай жасайды.

Күрделі драматургия не үшін қажет? Қуыршақ театрының ауқымын кеңейтудің пайдасы не? - деген сұрақ туындауы заңды. Әлем бір орында тұрмайтыны, сағат санап, сәт сайын дамып, өзгеріп, жетіліп келе жатқаны айқын. Технология, медиа, анимация дамыған сайын бүлдіршіндердің ойлау түйсігі, көзқарасы, талғамы өзгеруде. Оларды қазір ескі қуыршақ жүйелерімен, бір сарынды ертегілермен ұзақ уақыт қызықтырып, назарын ұстап отыру қиын шаруа, әрі, бара-бара мүмкін емеске айналу алдында. Сондықтан кішкентай бала деп, кішкентай шығармаға жармасып отыра бермей, ауқымды, күрделі дүниелерді қойған абзал. Кез-келген жаңа материал қою барысында жаңа технологиялар мен қуыршақ түрлері енгізілетіні мәлім. Демек қарапайым тұрақты шығармалардың қолданатын қуыршақтары да бірдей деген сөз. Ал экспериментке барып барлық мүмкіндікті қолданса қуыршақтар, көлеңкелер, жарық эффектілері, анимация – мұның бәрі қуыршақ театрының көркемдік құралдарын байытуға үлкен септігін тигізеді. Әрі, Күрделі драматургия қуыршақ театры актерлерінің шеберлігін жаңа деңгейге көтеруге де үлес қосар еді. Олар тек қуыршақты басқарумен шектелмей, оның эмоциясын, мінезін, ішкі қатығысын көрсетуі үшін тереңірек зерттеп, драмалық қабілеттерін шыңдай түсер еді. Режиссерлер болса, сахналық кеңістікті барынша тиімді пайдаланып, символикалық және шартты элементтерді үйлестіруге ұмтылады. Олай болса, 90 жылға жуық тарихы бар Алматы қуыршақ театрында қойылған бірнеше күрделі драматургиялық спектакльдер сөзге тиек етілмек. Шамамен 2018 жылдан бастап театр жаңаша қарқынмен, балалар аудиториясынан бөлек, ересектерге арналған ауқымды шығармаларға батыл қадаммен ден қойғаны арқылы, бүгінде қоржынында 9 шақты драмалық, трагедиялық күрделі спектакль бар.

Күрделі драматургиялық жұмыстың бастауының бірі болған Евгений Ионовтың «Ана жүрегі» драмасы. Режиссер Антон Зайцев ана мен

бала арасындағы тылсым сезім иірімін қуыршақ өнерімен астастырып, заманауи кейіпкерлер образы мен қоғамның өзекті мәселелерін жақсы көрсете алды. Иә, қай заманда, қай мекенде болмасын ана мен бала ұғымы ешқашан құндылығын жоғалтпайды. Заманауи стилистика негізінде сахналанған қойылым көпшілікке анаға деген құрмет, ананың қадірі, кеше мен бүгіннің өзара үндестігі, байланысы жайында күрделі ойларды дәл жеткізіп оң бағасын алды. Оған дәлел: - 2018 жылы «Ассалаумағалейкум – V» халықаралық қуыршақ театрларының фестивалінде бас жүлде мен ең үздік қойылым; - 2019 жылы Санкт-Петербургтегі Х «КУКАРТ» халықаралық фестивалінде Үздік актерлік ансамбль және Ең үздік спектакль жүлделерімен тұғырдан көрініп, көзайымға айналуы. [2]

Қуыршақ театры десе бүлдіршіндер мен ертегі ойға бірінші келері анық. Дегенмен сол стереотиптің бұзылуына әсер еткен қойылымның бірі бала түгілі ересек жанның өзіне ауыр тиіп, психологиялық салмақ салып, жан-дүниесін түршіктірмей қоймайтын Еврепиттің «Медея» трагедиясы. Қалтқысыз сенген сүйгені үшін, жан дүниесін кернеген ұлы күш махббат үшін ата-анасын аттап, ағасын өлтірседе өзінің бойындағыдай алпауыт сезімді сезіне алмаған кейіпкердің жан-дүниесі, тағдыры қандай қайғылы дерсіз. Адамның әрекетін түсіну өте қиын өзіңіз ойлап көріңізші тас емшегін жібітіп, тар құрсағын кеңейткен, бауыр еті баласын құрбан етіп, өз қолыңмен өлтіру ақылға қандай қонымсыз, қабылдауға қаншалық қиын болса. Қуыршақ театры сахнасынан бұл бейнені көру де бастапқыда естір құлаққа сондай оғаш, түрпі тиері анық. Дегенмен, режиссер Айдын Салбан мен суретші Алтынай Жүсіпәлі дйттеген мақсаттарына жетіп, сәтті қойылым жасады деп айтуға толық негіз бар. Сүйгені үшін бәрін тәрк еткен әйелдің тағдырын қуыршақ арқылы жеткізуі, қазақ қуыршақ театр әлеміне жаңалық болып, қуыршақ өнері кез-келген тақырыпты алып шыға алатындығына және мүмкіндігі жоғары екендігіне дәлелді жұмыс бола білді. Спектакль 2018 жылы Өскемен қаласында өткен Рүстем Есдәулетов атындағы II Республикалық театр фестивалінде Үздік режиссер және Арнайы сыйлыққа ие болды. Аталмыш қойылым 2023 жылы Атырау қаласындағы Чапай Зұлхаш атындағы I Республикалық фестивальде Үздік сценография номинациясын қанжығаға байлады.

Ересектерге арналған спектакльдердің арасынан театрдың жаңалығы болып, дамуына үлкен септігін тигізген, алдыңғы қатардағы қойылымның бірі әлемге әйгілі Уильям Шекспирдің «Ромео мен Джульетте» трагедиясы. Режиссер Дина Жұмабай спектакльді қою барысында Ромео мен Джульетта кейіпкері үшін кастинг жариялап 50-ге жуық бақ сынаушы арасынан Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының 3 курс білім алушылары Амангелдіұлы Ғалым мен Төребай Салтанатты тандап алды. Бұл өз кезегінде театрға үлкен

жарнама әрі, жастарға берілген керемет мүмкіндік болды. Буыны қатпаған жас өнерпаздардың жалындаған оттары мен жігері, алқынған албырт сезімі шынай болатынына сенген Дина Жұмабай мүлт кетпеді. Пендешілік пен кек, менменшілдік пен өктемдікке толы тағдырларында, әулет пен әсем сезімнің арасындағы алаулаған отқа өртенген қос жүректің мөлдір махаббаты бейнеленген туынды, театрды Республикалық және халықаралық деңгейдегі фестивальдерде топ жарғызып, шыңдарға жетеледі. 2021 жылы Қарағанды қаласындағы «Сын - шын болсын» фестивалінде I орын; 2022 жылы II Халықаралық «Әбіш әлемі» фестивалінде Үздік режиссерлік жұмыс; 2022 жылы Болгария Республткасында өткен XVIII Халықаралық «Алтын дельфин» фестивалінде Гран-при, Үздік Актер (Шоқан Құлназар), Үздік дебют (Ұлан Асанбек, Ұлпан Серік) номинацияларына ие болды.

Дина Жұмабайдың театр қоржынына тарту еткен ерекше орыны бар тағы бір спектакль «Макбет. Иллюзия» Уильям Шекспирдің ықылым заманнан әйгілі шығармасы. Классиканы жаңаша интерпретациялауға арналған шығармашылық жұмысы дәстүрлі трагедияны қайта ойластырып, оны метафоралық және визуалды тәсілдер арқылы жаңа қырынан танытады. Қойылымның басты ерекшелігі – классикалық мәтіннің философиялық тереңдігін қуыршақ театрының эстетикасымен үйлестіру. Ересектер аудиториясына бағытталған бұл қойылым драматургия мен қуыршақ өнерін шебер үйлестіре отырып, көрерменді адамдық эмоциялар, амбициялар және ішкі қайшылықтар әлеміне жетелейді. Спектакльдің көркемдік бейнесі Юлия Чернова мен Анна Цойдың жұмыстарымен толыққан. Қойылымда билікке ұмтылу, махаббат пен сатқындық сияқты адамзатқа ортақ тақырыптар ерекше айқындалған.

Қойылым еліміздегі V-Халықаралық эксперименталды «Балауса» фестивалінде бас жүлде, II Батум халықаралық қуыршақ театрлары фестивалінде Үздік режиссер номинациясына ие болды. Бұл Алматы Қуыршақ театрының халықаралық деңгейде танылғанын және оның Қазақстандық қуыршақ өнерін жаһандық сахнада дамытуға қосқан үлесін көрсетеді.

Дина Жұмабай классикалық мәтіндерге инновациялық тәсілдер қолдана отырып, оларды қазіргі заман көрерменіне түсінікті және жақын ете алды. Бұл қойылым Алматы Қуыршақ театры репертуарындағы ең ерекше жұмыстардың бірі және заманауи театр өнеріндегі жаңа тенденциялардың үлгісіне айналды.

Ой мен сана, қатігездік пен ізгілік, жан мен тән арасындағы арпалысты спектакль жақсы жеткізе білген. Ондағы кейіпкерлердің барлығы дерлік елес бейнесінде тіл қатады. Басты кейіпкерлердің ішкі әлемінде орын алатын шым-шытырық шырғалаңға толы мағынасыз қиял мен мазасыз ойлардың метафоралық элементтері – тірі кептер, қатқан мұз сынды детальдар арқылы режиссер кейіпкер характерін берудегі ұқсастыққа баса мән береді. Жындар мен шайтандар образын адам мен құс

бейнелерінде салыстыру арқылы да символикалық шешімдерді үздік қолданады. Негізгі тақырып – ұрпақ жалғастығы болғанымен, астарындағы билік пен абырой, даңқ пен дақырт, адамдық пен зұлымдық, қарғыс пен қан, жалғыздық пен қорқыныш, өкініш пен тыныштық ұғымдары қатар қабысады.[3]

Спектакльдің режиссерлік идеясы иллюзия және биліктің деструктивті табиғатының көркем бейнесіне негізделген. Шекспирдің «Макбет» трагедиясында көтерілген билікке деген құмарлық, адамның өзін-өзі жоюы мен кінәнің адам психологиясына әсері бұл қойылымда қуыршақтардың архетиптік бейнелері арқылы ашылады. Дегенмен аталмыш негіздер екінші планда қалып, бірінші планға Макбет пен Леди Макбеттің қарым-қатынасы, отбасылық жағдайының, мұрагердің болмауы, және психологиялық салдары көрсетілген. Қойылымның сахналық дизайны минималистік стильде орындалған, бұл кейіпкерлер мен олардың әрекеттеріне ыңғайлылық мүмкіндігін береді. Жарық пен көлеңке ойындары, түстік акценттердің ауысуы сахналық кеңістікті драматизмге толы етеді. Шекспирдің түпнұсқалық мәтіні қуыршақ театрының табиғатына бейімделген. Классикалық тіл мен мәтін сақталғанымен, көркемдік әдістер спектакльдің қабылдануын жеңілдетеді және оны түсінікті етеді. Режиссер оқиғаны философиялық және символикалық тұрғыдан қайта құруға назар аударған. Байқасаңыздар, «Макбет. Иллюзия» атауы қойылымның басты идеясын ашады: билікке деген құмарлық – бұл алдамшы мақсат. Қуыршақтар адамның басқаруға деген ұмтылысын, бірақ сонымен бірге өз қалауын жүзеге асырудағы дәрменсіздігін бейнелейді. Бұл спектакльдің басты философиялық пайымы болып табылады. Жалпы қойылым заманауи қазақ театр өнерінің жаңа мүмкіндіктерін көрсететін жарқын мысал. Режиссер Дина Жұмабайдың шеберлігі арқасында классикалық трагедия жаңа өмірге ие болды. Бұл спектакль шекспирлік мұраның шексіз көркемдік әлеуетін дәлелдейді және қуыршақ өнерінің драмалық мазмұнды жеткізудегі әлеуетін көрсетеді.

Қуыршақ театрының сахнасында күрделі драматургиялық шығармаларды қою – бұл өнер түрінің жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал ететін маңызды фактор. Мұндай шығармаларды сахналау театрдың жанрлық және техникалық шекарасын кеңейтіп қана қоймай, оның кәсіби әлеуетін айтарлықтай арттырады. Күрделі драматургияны сахналау арқылы қуыршақ театры актерлік шеберліктің тереңдігін, режиссерлік шешімдердің инновативтілігін, қуыршақ жасау техникасының жетілгендігін және көрермендердің қабылдау деңгейін жақсартады.

Ең алдымен, актерлік шеберліктің жаңа қырлары ашылады. Қуыршақ театры актерден тек қуыршақты басқару шеберлігін ғана емес, сонымен бірге оның эмоциясын, мінезін, ішкі қайшылықтарын көрерменге дәл жеткізе білуді талап етеді. Күрделі драматургияны сахналау

барысында актерлер қуыршақтың қимыл-қозғалысы арқылы кейіпкердің ішкі әлемін ашуға, оның жан дүниесіндегі драманы көрерменге жеткізуге машықтанады. Мұндай қойылымдар актерлерді терең психологиялық зерттеулер жүргізуге, драмалық қабілеттерін шыңдауға ынталандырады. Олар тек физикалық шеберлікпен шектелмей, күрделі эмоциялар мен көркемдік шешімдерді қуыршақ арқылы жеткізудің жаңа әдістерін меңгереді.

Режиссерлік тұрғыдан алғанда, күрделі драматургия қуыршақ театры сахнасына символикалық және шартты элементтерді ендіруге мүмкіндік береді. Режиссерлерге сахналық кеңістікті барынша тиімді пайдалану, визуалдық эффекттерді, жарық пен көлеңке ойындарын және музыкалық сүйемелдеуді үйлестіру міндеті жүктеледі. Мұндай шығармалар қуыршақ театрының эстетикалық мүмкіндіктерін кеңейтіп, режиссерлік шеберлікті жаңа деңгейге көтереді. Сонымен қатар, режиссерлердің символикалық шешімдерді табу қабілеті күрделі тақырыптарды тереңірек түсінуге және оны көрермендерге әсерлі жеткізуге мүмкіндік береді.

Қуыршақ жасау техникасы да күрделі драматургиялық шығармаларды сахналау барысында дамудың жаңа сатысына көтеріледі. Жай ғана ойын-сауықтық сипаттағы қуыршақтардың орнына, күрделі механикалық құрылғыларды, анимациялық элементтерді, жарық диодтарын және басқа да заманауи технологияларды қолдану қажеттігі туындайды. Бұл тек көркемдік сапаны арттырып қана қоймай, театр өнеріне жаңа технологияларды интеграциялаудың жарқын мысалы бола алады. Қуыршақ жасау шеберлері үшін бұл салада жұмыс істеу шығармашылық тәжірибені арттырып, жаңа материалдар мен техникаларды сынауға жол ашады.

Көрерменнің қабылдау тұрғысынан алғанда, күрделі драматургиялық шығармаларды сахналау қуыршақ театрына жаңа аудиторияны тартады. Балалар аудиториясына арналған жеңіл қойылымдармен шектелу бұл өнер түрінің әлеуетін толыққанды ашпайды. Күрделі тақырыптарды қозғайтын қойылымдар жасөспірімдер мен ересек көрермендердің назарын аударуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қуыршақтардың шартты табиғаты көрерменге оқиғаны тереңірек түсінуге, символикалық мән-мағыналарды ұғынуға және шығарманы әртүрлі қырынан интерпретациялауға мүмкіндік береді. Мұндай қойылымдар көрерменнің эстетикалық талғамын арттырып, театр өнерін түсіну қабілетін жетілдіреді.

Күрделі драматургия қуыршақ театрының мүмкіндіктерін арттырып қана қоймай, оның мәдениеттегі орнын қайта анықтайды. Бұл театр түрі тек балаларға арналған ойын-сауық ретінде емес, көркемдік, философиялық және тәрбиелік мәні бар биік өнер ретінде танылады. Қуыршақтардың шартты табиғаты драмалық және философиялық идеяларды жеткізуге ерекше қолайлы. Сондықтан күрделі шығармаларды

сахналау қуыршақ театрын әлемдік деңгейдегі заманауи өнердің ажырамас бөлігі ретінде орнықтыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, қуыршақ театрының сахнасында күрделі драматургиялық шығармаларды қою арқылы актерлік шеберлік тереңдейді, режиссерлік шешімдер инновативті сипатқа ие болады, қуыршақ жасау техникасы жетіледі және көрермендер театралдық мәдениеттің жаңа деңгейін түсіне бастайды. Бұл қуыршақ театрының дамуына ғана емес, жалпы театр өнерінің көкжиегін кеңейтуге септігін

тигізеді. Қуыршақ театрының болашағы оның күрделі тақырыптарды игеру қабілетіне тікелей байланысты екенін атап өту қажет.

Қолданылған дереккөздер:

- 1.<https://egemen.kz/amp/article/330081-orteke-men-qodganasyr-azilderi-yunesko-tizimine-endi>
- 2.“Алматы қаласының мемлекеттік Қуыршақ театры, 85 жыл” Театр тарихы 1935-2020. Алматықаласы, 2020 жыл.
- 3.<https://massaget.kz/teatr/kuyirshaktar-beynesndeg-makbet-tragediyasyi-64576/amp/>